



Бекітемін
Тарих факультетінің деканы
Г.Ы. Купенова

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті



МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ !

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ мектеп түлектеріне арналған ғылыми жобалар байқауын өткізетіндігін хабарлайды!

Ғылыми жобалар байқауының мақсаты мен міндеті:

- Мектеп бітіруші оқушылардың зерттеушілік, ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту;

Байқауға мектеп, лицейлердің дарынды оқушылары қатысу мүмкіндігіне ие!

Байқау жеңімпаздарына:

I орын – Қ. Жұбанов атындағы білім беру гранты

II орын – 50% оқуға жеңілдік

III орын – 35% оқуға жеңілдік

Ескерту: Білім беру гранты мен жеңілдіктерді жеңімпаздар ғылыми жобаға қатысқан бағыттары бойынша сәйкес келетін білім бағдарламаларына түскен жағдайда қолдана алады.

Байқауға қатысуға төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар қабылданады:

- ✓ Тарих
- ✓ Өлкетану

Қойылатын талаптар:

- мәтіні WORD;

- шрифт Times New Roman 14;
- аралық интервал 1 мм.
- сол жақ параметрі 3 см.
- оң жақ параметрі 1,5 см.
- жоғары, төмен жағы 2 см.
- беттер нөмірленуі тиіс.

Титул парағы:

- жұмыс жүзеге асырылған ұйымның аты;
- жұмыстың тақырыбы;
- бағыты (тарих, өлкетану);
- орындаушы (тегі, аты, мектебі, сыныбы, қаласы);
- жұмыс жетекшісі (аты-жөні, жұмыс орны, қызметі);
- жұмыстың орындалған уақыты.

Мазмұны:

- абстракт (аннотация), жұмыстың қысқаша мазмұны (200 сөзден артық емес);
- кіріспе, жұмыстың тиянақты сипаттамасы (2 беттен артық емес);
- негізгі бөлім, жеке тараулардан тұрады (15 беттен артық емес);
- қорытынды, жұмыстың негізінде жасалған нәтиже, ұсыныстар (1 беттен артық емес);
- пайдаланған әдебиеттер тізімі жұмыс соңында жалпы тізіммен беріледі;
- жұмыс арнайы дайындалған слайд арқылы қорғалады (берілетін уақыт 5-7 минут).

Байқау екі кезең бойынша өтеді. Бірінші кезең іріктеу кезеңі сырттай өтеді. Бірінші кезең бойынша байқау материалдары электронды нұсқада қабылданады. Бірінші кезең бойынша барлық ғылыми жобалар іріктеліп, екінші кезеңге өткен жоба авторлары Ақтөбе қаласына шақырылады. Екінші кезеңге шақырылған жоба авторлары ғылыми жобаларын қорғаудан сынға түседі. Екінші кезең нәтижесі бойынша жеңімпаздар марапатталады.

Байқау қатысушылары өзі және жетекшісі жайлы жазылған мәліметті ережедегі кесте үлгісі бойынша толтырып, **ғылыми жобамен** бірге **2022 жылдың ақпан айының 20-на дейін tarihjoba@mail.ru** электронды поштаға жіберуі тиіс. Байқауға жұмыстар *қазақ, және орыс* тілдерінде жіберледі.

Өтетін уақыты және орны: 26.02.2022. Сағ.10.00
Қ.Жұбанов ат. АӨУ № 2 оқу ғимараты, 201 каб.

Жоба туралы қосымша ақпаратты төменде көрсетілген телефондар арқылы ала аласыздар: WhatsApp: 8771-467-96-73

СҰРАНЫС БЕРУ ҮЛГІСІ

Қатысушының аты-жөні, жетекшісі аты-жөні, лауазымы	
Облыс, аудан, қала, село (ауыл) атауы	
Білім беру мекеменің атауы	
Байқау атауы, секциясы	
Жұмыс тақырыбы	
Телефоны, ұялы, e-mail, 3x4 фотосы	